

**"Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы"
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 ақпандағы № 46 қаулысының
күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 7 маусымдағы № 153 қаулысы.
Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 14 маусымда №
7763-15 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі
басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Құқықтық
актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік
Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын бекіту
туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 ақпандағы № 46 (
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3165 болып тіркелді)
қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық
мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте
қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік
Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде
мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің
жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Г. Нурмухамбетов